


**Кандидаттың сайлауалды бағдарламасының ақысы келісім-шарт негізінде Шет аудандық сайлау комиссиясымен республикалық бюджет есебінен төленеді.**

Сайлау-2023

AMANAT

# ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА №9 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҮМІТКЕР ЖАКУПБЕКОВ ҚОШҚАРБАЙ АМАНҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Жакупбеков Қошқарбай Аманұлы 1963 жылдың 9 тамызында Шет ауданы, Ортау ауылында дүниеге келдім. Қазақстан Республикасының азаматымын.

1980 жылы Ортау орта мектебін бітірген соң, еңбек жолымды 1980-1981 жылдары Ортау ауылында гаражда слесарь болып бастадым. 1981 жылы Алматы зооветеринарлық институтына түстім. 1983 жылы Ортау ауылында құрылыс бөлімінде инструктор маляр болып, 1984-1986 жылдары осы Ортау ауылында тракторшы болып жұмыс істедім.

Зооветеринарлық институтын бітірген соң, 1990 жылы Ортау ауылына ветеринарлық фельдшер болып ауыстым.

1993-1996 жылдары аралығында Ортау ауылының «Шебер» шаруа қожалығының аға жұмыскері болып, 1996- 2000 жылдары Қарағанды қаласында «МБС» ЖШС-нің атқарушы директоры болып қызмет атқардым. 2001-2014 жылдары Шет ауданының аумақтық инспекциясының бас маманы, 2014-2016 жылдары Шет ауданының ветеринария бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істедім. 2016 жылдан бастап осы күнге дейін Шет ауданының ветстанциясы, Ортау ауылдық округінің ветпункт меңгерушісі болып қызмет атқарып келемін.

1989 жылдың 20 мамырда үйлендім. Жолдасым Сулекенова Шынар Косаевна, 1967 жылдың 2 сәуірінде Жетісу облысы, Балпық би ауданында дүниеге келген. Қазақстан Республикасының азаматы. Тұрғылықты және тіркелген мекен-жайым: Ортау ауылы, Ардагерлер көшесі, 1 үй.

Өз кандидатурамды Шет аудандық мәслихаттың депутаттығына ұсына отырып, мен өзіме Қазақстан Республикасының Президенті саясатының негізгі бағыттарын жүзеге асыруды, жергілікті жердегі еңбеккерлерінің жағдайын одан әрі жақсартуды, ұлтаралық және дінаралық татулықты және ішкі саяси тұрақтылықты нығайту мен әлеуметтік экономикалық даму бағдарламаларын орындау міндет деп есептеймін. Бүгінгі таңда, мемлекеттің қарыштап дамып келе жатқаны баршамызға мәлім. Әр жылы Президентіміздің сарабдал саясатын жүзеге асырып, Жолдауды қолдау оны жүзеге асыру «Amanat» партиясының басты міндеті. Сондықтан да, алдағы сайлауда аудандық мәслихаттың депутаты болған жағдайда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саясатын жүзеге асыра отырып, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартып, ауыл тұрғындары тарапынан түскен мәселелерге жіті қарап, оны жүзеге асыруға ерінбей еңбек етемін. Жауапкершілік жүгін сезіне отырып, адал еңбегіммен сенімдеріңізден шығуға тырысамын.



Осы міндеттемелерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Конституциясын, ҚР «Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы» Заңын, «Жаңа Қазақстан» стратегиясын басшылыққа аламын. Қоғам тұрақтылығының ең негізгі кепілі - әлеуметтік қауіпсіздік пен тұрғындардың ауқаттылығы болып табылады. Сондықтан, басты мақсат - қоғамдағы кедейлік деңгейінің өсуіне жол бермеу.

Аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған жағдайда менің жұмысымның негізгі бағыттары келесі іс-шараларды жүзеге асырумен анықталады:

- Президент Қ.Тоқаевтың Жолдауына сәйкес ең төменгі жалақының көтерілуін қамтамасыз ету;
- Қоғамның әлеуметтік көмекке мұқтаж бөлігіне - зейнеткерлер, мүгедектер тағы басқа нысаналы топтағыларға атаулы әлеуметтік қолдау көрсету;
- Жұмыссыздарға жаңа мамандық игерту арқылы жұмысқа орналасуына қолдау көрсету;
- Жеке шаруашылықтарды дамыту, мал бастарының санын ұлғайтуға, олардың өнімділігін арттыруға бағытталған жобалардың жүзеге асыруын, ауыл шаруашылығының қоғамдық қорлар мен шағын кредиттік ұйымдар арқылы несиелердің бөлінуіне жастар арасындағы кәсіпкерлікті дамытуға несиелер мен грантттардың бөлінуіне ықпал жасау;

Қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі.

Салауатты өмір салты ұлт денсаулығының кепілі деп есептеймін.

Ауылдарда бұқаралық спортты дамыту, жастардың спортпен айналасуына және тарихи-мәдени іс-шараларды өткізуге, ауылдың инфроқұрылымын одан әрі дамытуға септігімді тигіземін.

- Көлік жүретін жолдарды жөндеудің сапасы мен жол жүру кезіндегі қауіпсіздігін күшейтуге, ауылдарды абаттандыруға күш саламын.
- Тұрмыс-тіршілігі төмен, аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға жәрдемдесуге ықпал етемін.

**Құрметті сайлаушылар!**

Аталған бағыттар мен міндеттерді негізге ала отырып, аудандық мәслихатының депутаты лауазымына кандидат ретінде негізгі діттеген мақсаттардың барлығының орындалуына бар күш жігерімді жұмсайтындығыма және барлық жоспарлар мен жобалар ауыл тұрғындарының қалауын ескере отырып жасалатындығына уәде беремін. Біздің ортақ мақсатымыз - мемлекеттік бағдарламалар және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайын арттыру.

Осы мақсатта аянбай қызмет етіп, барлық күш-жігерімді жұмсаймын.

**Кандидаттың сайлауалды бағдарламасының ақысы келісім-шарт негізінде Шет аудандық сайлау комиссиясымен республикалық бюджет есебінен төленеді.**

Объявление

## Уважаемые жители!

ТОО «Nova Цинк» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний по проекту Рабочий проект "ТОО "Nova Цинк". Месторождение "Акжал". Центральный участок. Строительство надшахтного комплекса ствола "Западный" с разделом "Охрана окружающей среды", рабочий проект "Строительство модульной котельной установки Центрального участка площадки ствола «Западный» с разделом "Охрана окружающей среды", Проект нормативов эмиссий в атмосферный воздух для ТОО "Nova Цинк" на 2020-2024 годы (открытые горные работы, ОФ и вспомогательное производство) (согласован заключением государственной экологической экспертизы KZ24VCZ 00517260 от 28.11.2019 года), Проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферный воздух для объектов разработки месторождения Акжал подземным способом ТОО «Nova Цинк», Проект нормативов допустимых сбросов загрязняющих веществ со сточными водами ТОО «Nova Цинк», Программа управления отходами промплощадки № 1 ТОО «Nova Цинк», Программа производственного экологического контроля промплощадки №1 ТОО «Nova Цинк», план мероприятий по охране окружающей среды промплощадки №1 ТОО «Nova Цинк» на 2023-2024 годы.

Ближайший населенный пункт - поселок Акжал.

Общественные слушания в форме открытых собраний будут проходить 05.04.2023 года в 15:00 по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Акжал, ул.Абая, 5, ГУ «Аппарат акима поселка Акжал Шетского района Карагандинской области».Регистрация участников осуществляется по удостоверениям личности за 1 час до начала общественных слушаний (иметь при себе удостоверение личности).

В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания проводятся в онлайн режиме через приложение Zoom.

Идентификатор конференции: 982 564 5856 Код доступа: 7qGuLC

Всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

С материалами можно ознакомиться на Едином экологическом портале также запросить в Управлении природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области.

Замечания и предложения принимаются: по адресу г. Караганда, ул. Лободы 20, тел 8 (7212) 56-81-66

Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: ТОО «СП Вектор» - mail@spvector.com +7(7232)701-750, +7 777 350 7251

Инициатор намечаемой деятельности - ТОО «Nova Цинк», БИН 970240000334, Юридический адрес предприятия: Республика Казахстан, Карагандинская область, Шетский район, п. Акжал, промзона. Разработчик - ТОО «СП Вектор», БИН 140140022993. Юридический адрес: Республика Казахстан, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул.Дзержинского, 26-58;